HYUNDAI

SANTA FE

HMX 2301

Мүмкіндіктерге ашық

Су жаңа Santa FE-мен бірге жаңа мүмкіндіктерді ашыңыз. Ол әр сапарды ерекше ете отырып, сенімділік пен шытырман оқиғаға деген құштарлықты тамаша үйлестіреді.

Таңдаулы және сенімді

Әсерлі жаңа шанақ пішіндері бар тартымды және ерекше стиль айрықша күш пен керемет орындау шеберлігін көрсетеді.

Экстерьер

Жаңа SANTA FE кез келген ракурстан сенімді және стильді көрінеді. Ол шанақтың батыл дизайнына бірегейлік беретін H-тәрізді шамдардың мәнерлі бейнесімен көз тартады.

Бас жарықтың H-тәрізді фаралары (жарықдиодты, проекциялық типті)

21 дюймдік жеңіл қорытпалы дискілер / Қанаттардың өткір қырлары

Жасырын түрдегі көмекші тұтқа / Артқы бүйірлік терезе

Жарықдиодты артқы аралас шамдар

Екі секциялы панорамалық төбе / Бойлық рейлингтер

Интерьерді қоршаған әлеммен байланыстыру және күнделікті өміріңіздің шекарасын кеңейту үшін жүксалғыш есігін максималды биіктікке дейін ашыңыз.

Жүксалғыштың биік ашылуы (электр жетегімен)

Фирмалық H-тәрізді дизайн

Интерьер

Ойластырылған интерьер ерекше жайлылық береді, өйткені оны әзірлеу кезінде басты мақсат тыныштандыратын және жайлы атмосфераны құру болды.

Релаксация режимі және аяқ тірегі бар алдыңғы орындықтар



Атмосфералық жарықтандыру
Орындықтардың Nappa былғарысымен қапталуы

Панорамалық қиғаш дисплей: диагоналы 12,3 дюйм аспаптар панелі және диагоналы 12,3 дюйм ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің орталық дисплейі

Сіз әрқашан жаңа саяхаттар мен ашылуларға дайын болуыңыз үшін жаңа SANTA FE салонының конфигурациясы икемді мүмкіндіктерге ие.

6 орынды конфигурация

5 орынды конфигурация

6 орынды конфигурация

7 орынды конфигурация

Fold-and-Dive бүктеу технологиясы бар орындықтардың екінші қатары

Арқасын еңкейтетін электр жетегі бар капитандық креслолар (6 орын) және үшінші қатарға оңай қол жеткізу

Жайлылық

Сапарларыңыз одан да жайлы болуы үшін автомобиль сақтау бөлімдерінің мұқият ойластырылған жиынтығымен жабдықталған.

Екі жақты мультифункционалды консоль

Алдыңғы шынтақ қойғыштар
Орталық консоль астындағы бөлім

Қос сымсыз зарядтау
Екінші қатардағы жолаушыларға арналған жылжымалы бөлім

Заттарды ультракүлгін сәулемен дезинфекциялау функциясы бар орталық консольдегі бөлім

Озық технологиялардың мінсіз орындалуы Сізге сапарлардан жаңа әсерлер сыйлайды.

Цифрлық артқы көрініс айнасы



Проекциялық дисплей

BOSE Premium аудио жүйесі

Автоматты климаттық бақылау (екі аймақтық)

Техникалық сипаттамалары

HTRAC толық жетекті басқару жүйесі Multi Terrain Control қозғалыс режимдерін таңдау функциясымен үйлесе отырып, Сізге жолда абсолютті сенімділікке кепілдік береді.

Smartstream 2.5 GDI бензинді қозғалтқышы

194 Максималды қуаты, а.к. / 6100 айн/мин

246 Максималды айналу сәті, Н·м / 4000 айн/мин

Smartstream 2.5 T-GDI бензинді қозғалтқышы

281 Максималды қуаты, а.к. / 5800 айн/мин

422 Максималды айналу сәті, Н·м / 1700 ~ 4000 айн/мин

Smartstream 2.0 T-GDI бензинді қозғалтқышы

247 Максималды қуаты, а.к. / 6000 айн/мин

353 Максималды айналу сәті, Н·м / 1500 ~ 4000 айн/мин

4WD HTRAC

Толық жетек жүйесі бар SANTA FE әртүрлі жол жағдайларын ескере отырып, алдыңғы және артқы ось дөңгелектері арасындағы тартылыстың белсенді таралуына байланысты оңтайлы жүру сапасын қамтамасыз етеді.

Drive Mode / Terrain Mode жүргізу режимдері (Авто, Балшық, Құм, Қар)

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік саласындағы заманауи шешімдердің арқасында Сіздің отбасыңыз күнделікті және күтпеген жағдайларда қауіпсіздікте болады.

Соқыр аймақтарды бақылау жүйесі (BVM)

Қолдың орналасу датчигі бар руль дөңгелегі

Айнала шолу жүйесі (SVM)

Артқы орындықта жолаушының болуы туралы хабарлайтын жетілдірілген жүйе (ROA)

Hyundai SmartSense

Алдыңғы соқтығысудың 2-ші буынды алдын алу жүйесі (FCA 2)
Көліктің айналасындағы жағдайды бақылайды және соқтығысу қаупі туралы ескертеді. Ескертуден кейін, егер қиылыста солға бұрылу кезінде қарсы келе жатқан көлік құралымен немесе мотоциклмен, сол жақта немесе оң жақта қарсы келе жатқан көлік құралымен немесе қозғалыс жолағымен жүріп келе жатқан кезде соқтығысу қаупі артса, ол автоматты түрде төтенше тежеуді іске қосады. Сондай-ақ ол келесі жағдайларда соқтығысу қаупі туындаған кезде автоматты түрде контраварийлық рульдік маневрлерді орындауға көмектеседі: қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде — қарсы келе жатқан немесе алда келе жатқан көлікпен немесе көрші жолақтағы мотоциклмен; түзу жүру кезінде — автокөліктің қозғалыс траекториясында ішінара орналасқан көлік құралымен / мотоциклмен / жаяу жүргіншімен / велосипедшімен; жолақ ауыстыру кезінде — бүйір жақта келе жатқан көлік құралымен немесе мотоциклмен.

2-ші буынды қозғалыс жолағында ұстау жүйесі (LFA 2)
Жүргізушіге көлікті алып жатқан жолақтың ортасында ұстауға көмектеседі. Қозғалысты басқару сипаттамалары жақсартылды, ал руль жетегін басқару әдісі өзгертілді: енді айналу сәтімен емес, руль дөңгелегінің айналу бұрышымен басқару жүзеге асырылады. Сонымен қатар қолдың руль дөңгелегінде орналасу датчигін (HOD) қолдану арқылы қолданыстағы айналу сәтін анықтау датчигіне қосымша, жүргізуші руль дөңгелегін ұстап тұр ма, жоқ па екенін анықтау тиімділігі жақсартылды.

* Жүргізушіге көмек көрсетудің жоғары технологиялық жүйелері (ADAS) көлік жүргізу процесінде қолдау көрсету үшін жасалған, бұл ретте жүргізуші әрқашан рульде мұқият болуы керек.
* Кейбір функциялар жол және қоршаған орта жағдайларына байланысты қолжетімді болмауы мүмкін. Толығырақ ақпарат пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген.
* Нақты сипаттамалар жиынтықталымға, күштік қондырғыға және таңдалған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Артқа қозғалғанда соқтығысуды болдырмау жүйесі (PCA)
Егер артқа қозғалған кезде қандай да бір объектімен соқтығысу қаупі туындаса ескертеді. Егер ескертуден кейін соқтығысу қаупі сақталса немесе жоғарыласа, жүйе автоматты түрде төтенше тежеуді қолданады.

Алыс жарықты автоматты басқару жүйесі (HBA)
Қоршаған жарықты, атап айтқанда қарсы келе жатқан немесе алда келе жатқан көліктің фараларының сәулелерін анықтайды және алыс жарықты жақын жарыққа автоматты түрде ауыстырады.

* Жүргізушіге көмек көрсетудің жоғары технологиялық жүйелері (ADAS) көлік жүргізу процесінде қолдау көрсету үшін жасалған, бұл ретте жүргізуші әрқашан рульде мұқият болуы керек.
* Кейбір функциялар жол және қоршаған орта жағдайларына байланысты қолжетімді болмауы мүмкін. Толығырақ ақпарат пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген.
* Нақты сипаттамалар жиынтықталымға, күштік қондырғыға және таңдалған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Интеллектуалды круиздік бақылау (SCC)
Алда келе жатқан автомобильге дейінгі қашықтықты сақтауға және жүргізуші белгілеген жылдамдықпен қозғалуға көмектеседі. Егер алдыңғы көлік тоқтап қалса, ол автоматты түрде көлікті тоқтатады және ең аз кідірістен кейін оның артынан қозғалысты автоматты түрде жалғастырады.

Қашықтықтан тұрақтаудың интеллектуалды жүйесі (RSPA)
Жүргізуші көлікте болмаған кезде тұрақ орындарын анықтау үшін және автотұраққа қашықтан кіру және шығу үшін көлік құралының рулін басқару, жылдамдығын және берілісін таңдауын басқару үшін алдыңғы, алдыңғы бүйірлік, артқы бүйірлік және артқы ультрадыбыстық датчиктерді пайдаланады.

* Жүргізушіге көмек көрсетудің жоғары технологиялық жүйелері (ADAS) көлік жүргізу процесінде қолдау көрсету үшін жасалған, бұл ретте жүргізуші әрқашан рульде мұқият болуы керек.
* Кейбір функциялар жол және қоршаған орта жағдайларына байланысты қолжетімді болмауы мүмкін. Толығырақ ақпарат пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген.
* Нақты сипаттамалар жиынтықталымға, күштік қондырғыға және таңдалған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін.



Соқыр аймақтардағы соқтығысуды болдырмау жүйесі (BCA)
Қозғалыс жолағын ауыстырған кезде артқы жағындағы соқыр аймақтағы көлікпен соқтығысу қаупі бар болса ескертеді. Егер параллель автотұрақтан шыққан кезде автокөлігіңізге артқы жақтан жақындап келе жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі туындаса, жүйе автоматты түрде төтенше тежеуді қолданады.



Алдыңғы, бүйірлік және артқы тұрақ радарлары (PDW)
Тұраққа қою радарлары төмен жылдамдықпен жүрген кезде көлікке жақын орналасқан объектілермен соқтығысу ықтималдығы туралы ескертеді.

* Жүргізушіге көмек көрсетудің жоғары технологиялық жүйелері (ADAS) көлік жүргізу процесінде қолдау көрсету үшін жасалған, бұл ретте жүргізуші әрқашан рульде мұқият болуы керек.
* Кейбір функциялар жол және қоршаған орта жағдайларына байланысты қолжетімді болмауы мүмкін. Толығырақ ақпарат пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген.
* Нақты сипаттамалар жиынтықталымға, күштік қондырғыға және таңдалған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Жабдықталуы

18 дюймдік жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілері

20 дюймдік жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілері

21 дюймдік жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілері (арнайы Calligraphy сериясы)

Жарықдиодты фаралар (MFR)

Радиатор торы және ауа тартқыштар

Қара жапсырма

Бойлық рейлингтер / Екі секциялық панорамалық шатыр (элект жетегі бар люк)

Интеллектуалды жүксалғышты ашу жүйесі (биіктігін реттей отырып)

Толық жарықдиодты фаралар (проекциялық типті)

Радиатор торы және ауа тартқыштар (арнайы Calligraphy сериясы)

Қара жылтыр жапсырмалар (арнайы Calligraphy сериясы)

Жасырын түрдегі көмекші тұтқа (арнайы Calligraphy сериясы)

Қара анодталған эмблемалар (бренд/модель логотипі) (арнайы Calligraphy сериясы)

 * Әртүрлі елдерде ұсынылатын жабдықтар мен жиынтықталымдар әртүрлі болуы мүмкін. Өз дилеріңізбен кеңесіңіз.

Стандартты жиынтықталым

Арнайы Calligraphy сериясы

Аспаптар панелінің 4,2 дюймдік СК-дисплейі

Смартфондарға арналған сымсыз зарядтау құрылғысы (екі құрылғыға)

Электрондық тұрақ тежегіші (EPB)

Орындық қалпын есте сақтаудың интеграцияланған жүйесі

Орындықтардың үшінші қатарына арналған ауа өткізгіштер

Аспаптар панелінің 12,3 дюймдік СК-дисплейі

Жылытылатын және желдетілетін алдыңғы орындықтар

Руль бағанындағы беріліс селекторының иінтірегі (SBW)

Орындықтардың үшінші қатарына қол жеткізудің жеңілдетілген жүйесі

Қолмен басқарылатын артқы бүйірлік терезелердегі перделер

* Әртүрлі елдерде ұсынылатын жабдықтар мен жиынтықталымдар әртүрлі болуы мүмкін. Өз дилеріңізбен кеңесіңіз.

Интерьердің түстері

Стандартты жиынтықталым

Қара (былғары) / Сәндік салғылар: қара емен

Сұр (былғары) / Сәндік салғылар: сұр емен

Қоңыр (былғары) / Сәндік салғылар: қоңыр емен

Сұр-жасыл (былғары) / Сәндік салғылар: ақшыл эвкалипт

Арнайы Calligraphy сериясы

Қара (Nappa былғары) / Сәндік салғылар: қара құрылымдық металл

Қоңыр (Nappa былғары) / Сәндік салғылар: қоңыр емен

Сұр-жасыл (Nappa былғары) / Сәндік салғылар: ақшыл эвкалипт

 * Әртүрлі елдерде ұсынылатын жабдықтар мен жиынтықталымдар әртүрлі болуы мүмкін. Өз дилеріңізбен кеңесіңіз.

Үйлесімділік кестесі

Жиынтықталым	Экстерьер / Интерьер	Creamy White Ақ перламутр (WW2)	Typhoon Silver Күміс металлик (T2X)	Cyber Sage Жалбызды перламутр (RS2)	Ocado Green Жасыл перламутр (RN2)	Pebble Blue Көк перламутр (PB2)	Terracotta Orange Қызғылт сары (ZGE)	Magnetic Gray Сұр металлик (M2F)	Abyss Black Қара перламутр (A2B)	Creamy White Ақ (WWM)	Earthy Brass Мысты металлик (YBM)
Стандартты жиынтықталым	Қара (былғары)	●	●	●	●	●	●	●	●	●	●
	Сұр (былғары)	●	●	●	●	●	●	●	●	●	●
	Қоңыр (былғары)	●	●	●	-	-	●	●	●	●	●
Арнайы Calligraphy сериясы	Қара (Nappa былғарысы)	●	●	●	●	●	●	●	●	●	●
	Қоңыр (Nappa былғарысы)	●	●	●	-	-	●	●	●	●	●
	Сұр-жасыл (Nappa былғарысы)	●	●	●	●	-	●	●	●	●	●

Шанақтың түстері

Перламутрлы/Металлик/Металлик емес



Күңгірт

Техникалық сипаттамалары

Модификация		Smartstream G2.5 GDi	Smartstream G2.5 T-GDi	Smartstream G2.0 T-GDi
Қозғалтқыш	Түрі	2.5 GDi	2.5 Turbo GDi	2.0 Turbo GDi
	Берілістерді ауыстырып қосу қорабы	8 сатылы AT	8 сатылы DCT	8 сатылы AT
	Жетек түрі		4WD	
	Отын түрі		бензин	
	Көлемі, см³		2 497	
	Макс. жылдамдық, км/сағ	198	210	210
	Минималды жол саңылауы, мм		177	
	Отын бағы, л		67	
	Қаладағы/қала сыртындағы/аралас отын шығыны (л/100 км)	11,4 / 6,9 / 8,5	13,3 / 7 / 9,3	13,5 / 7,4 / 9,6
	Максималды қуаты (айн/мин кезінде а.к.)	194 / 6 100	281 / 5 800	247 / 6 000
	Максималды айналу сәті (айн/мин кезінде Н·м)	246 / 4 000	422 / 1 700 ~ 4 000	353 / 1 500 ~ 4 000
Аспа				
Алдыңғы		Тәуелсіз, серіппелі, Макферсон типті, көлденең орнықтылықты тұрақтандырғышы бар		
Артқы		Тәуелсіз, серіппелі, көп иінтіректі, көлденең орнықтылықты тұрақтандырғышы бар		
Шиналар				
		235/60R18, 255/45R20, 245/45R21		

Габариттік өлшемдер		
Орындықтан төбеге дейінгі биіктік, мм	Бірінші қатар (люгі бар нұсқа) / екінші қатар (люгі бар нұсқа) / үшінші қатар	1 045 (1 020) / 1 030 (1 007) / 958
Аяққа арналған кеңістік, мм	Бірінші қатар / екінші қатар (гибрид) / үшінші қатар	1 052 / 1 075 / 761
Иық деңгейіндегі салонның ені, мм	Бірінші қатар / екінші қатар / үшінші қатар	1 511 / 1 475 / 1 360

• Hyundai техникалық сипаттамалар мен жиынтықталымды алдын ала ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
• Каталогта көрсетілген түстер басып шығару кезінде көрсету мүмкіндігінің шектеулі болуына байланысты нақты түстерден сәл өзгеше болуы мүмкін.
• Қолжетімді түстер мен тыстау материалдары туралы толық ақпарат алу үшін дилеріңізден кеңес алыңыз.

Габариттік биіктігі (рейлингтермен)

1 720
(1 770)*

Жолтабан ені (диаметрі 21 дюймдік дөңгелектер үшін)* 1 643
Габаритті ені 1 900

Дөңгелек базасы 2 815
Габаритті ұзындығы 4 830

Жолтабан ені (диаметрі 21 дюймдік дөңгелектер үшін)* 1 653

Өлш.бір.: мм * Жолтабан ені • Диаметрі 18 дюймдік дөңгелектер үшін (алдыңғы/артқы): 1646/1656 • Диаметрі 20 дюймдік дөңгелектер үшін (алдыңғы/артқы): 1637/1647 * Стандартты түрде орындалған габаритті биіктік (рейлингтермен): 1720 (1770)

Бір отбасы — көп артықшылықтар

Кепілдік

ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ ЖАҢА HYUNDAI АВТОМОБИЛІНЕ КЕПІЛДІГІ

Өндірушінің кепілдігі 5 жыл және 100 000 км (қайсысы ертерек болатынына байланысты), Hyundai ресми Дилері автомобильді бірінші сатып алушыға сатқан (берген) сәттен бастап Сервистік кітапшада көрсетілген шектеулерді ескере отырып, бұл туралы Сервистік кітапшада кепілдіктің басталу күні туралы тиісті белгі куәландырады.

Trade-in

«TRADE-IN» ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Барлық Hyundai дилерлік орталықтарында «Trade-in» тиімді бағдарламасы әрекет етеді. Барлығы өте оңай: кез келген маркалы жүрілген автомобильді жаңа Hyundai автомобиліне айырбастаңыз. Толығырақ Қазақстан бойынша барлық Hyundai ресми дилерлік орталықтарында.

Call center

БАРЛЫҚ HYUNDAI ИЕЛЕРІ ҮШІН

Клиенттерді қолдау қызметі 7007 номерінде қолжетімді (09:00-21:00).

ASTANA MOTORS

HYUNDAI

Дилердің мөрі

Hyundai Auto Kazakhstan
Қазақстандағы брендтің ресми дистрибьюторы
www.hyundai.kz
Қазақстан бойынша бірыңғай тегін call-center
Ұялы телефондардан қоңырау шалу: 7007

Прайс-парақ